

Слайд - лекция

По дисциплине: **Қазақ тілі**

ТЕМА: Қарқаралы

Для специальностей

5В071600 - Приборостроение

Авторы: преп. Кулейменова Л.М

ст.преп. Шабденова К.Ж

ЖОСПАР:

Сабақтың мақсаты:

1.Білімділік: студенттерге Қарқаралының жер бедерінен, климатынан, табиғат байлықтарынан мәлімет беріп, меңгерту, танымдық қабілеттерін арттыру;

2.Дамытушылық: студенттердің сөздік қорын дамытып, сөйлеу мәнерін жетілдіру, ізденімпаздық қасиеттерін қалыптастыру;

3.Тәрбиелік: өз ұлтын сүюге, туған елге, жерге, өз ана тіліне деген патриоттық сезімін ояту, табиғатты аялауға баулу.

Қарқаралы ауданының картасы

Карта территории Каркаралинского района
Карагандинской области



Қарқаралы ауданы

Жер көлемі 35,4 шаршы шақырым.

Ауа райы – шұғыл континентті.


Халқы – 50 600 адам.

Аудан орталығы – Қарқаралы қаласы.

1824 жылы негізі қаланған.

Тұрғын халқы 10 300 адам.

Қасиетті Қарқаралы



“Қарқаралы” сөзінің шығу тарихы туралы көп айтылып та, жазылып та жүр. Бір аңызда Баян сұлу осы маңда қарқарасын түсіріп алып, жердің осылай аталуына себеп болған дейді. Негізге “Қарқара” сөзінің алынуы дұрыс сияқты. Бұл белгі ханды, ел билеген көсемдерді басқалардан ерек қылып көрсету үшін пайдаланған, “қарқара”, “тәж” мағынасын білдіреді.

Әулие тас







Қызыл-Кеніш



Қызыл-Кеніш – археологиялық және мәдени ескерткіш. XVII ғасырға жатады. Буддалық храм деген тұжырым бар.

Бассейн көлі






Қарқаралы тауындағы көркем жерлердің бірі – Бассейн көлі. Биік таудың басындағы, түзу тік бұрыш үлгісіндегі айдын шын мәнінде бассейннен аумайды. Табиғаттың осынау керемет жаратылысының төрт ернеуі гранит тастардан өрілсе, іші таудың мөлдір суына шүпілдеп тұрады.

Үш үңгір



Атақты Мәліксай қойнауында белгілі “Үш үңгір” бар. Ерте кезде бұл өңірдің орманында аю менен қасқыр жортып, сан алуан құс біткен ұяласа, өлкелерінде түз тағысы құлан, керілген кер марал, құлақтарын қайшылап, елеңдеген ерке елік жайлап, жыртқыштардың әсемі — жолбарыс та жүгірген.

Шайтанкөл



Қарқаралының ұшар басында мөлдіреп жатқан Шайтанкөл сұлу сымбатымен көз тартады. Жан-жағы жартастармен, ағашпен көмкерілген көл толып жатқан аңыздар мен дастандарға арқау болған, құпиясы көп мекен. Әсем Шайтанкөл - өзінің табиғи жаратылыс ерекшелігімен ертеден әсемдік пен сұлулықты қастерлеген қауымға шабыт берген құтты мекен.

Орманшының үйі



Демалушылар мен келген қонақтар, ХІХ ғасырда ағаштан өріп салған “Орманшының үйі” мен бертінде салынған “Табиғат музейін” өте қызықтап тамашалайды.

Құнанбай қажы мешіті



Құнанбай қажы – Қарқаралыда көктөбелі,
күмбезді мешіт салдырып, өз атын ұрпақтарына
мәңгілік ескерткіш қылып қалдырып кеткен
кемеңгер.

Абай өнер мектебі



Қарқаралының тарихы Абайдың есімімен тығыз байланысты. Қарқаралыдағы “Абай тоқтаған түскен үй” өңдеу-жөндеу жұмыстары жүргізілген соң, түрленіп, әсем қалпына енді. Бұл ғимарат та тарихи, архитектуралық ескерткіш ретінде мемлекет қорғауына алынған.

ТАПСЫРМА

1. “Шайтанкөл ғашықтар мекені”. Реферат жазу.
2. Мәди бабамыздың “Атыңнан айналайын, Қарқаралы” өлеңін жатқа айту.
3. Қарқаралыдағы тарихи ескерткіш ғимараттар. Сұқбат.
4. Ұлттық табиғат паркінде. Буклет
5. Қарқаралы – туристердің жадырап демалатын орны. Шығарма.
6. Қарқаралы жерінен шыққан дүлдүл ақындар мен бұлбұл әншілер. Баяндама.
7. Туған өлкеңіздің ең әсем жерлерін суреттеңіз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. А.Ш.Бектұрова., Ш.К.Бектұров.А. “Атамұра”, 2004.
2. Б.Кенжебаев. 20 ғасыр басындағы қазақ әдебиеті.
А., “Білім” , 1993
3. Н.Оралбай., К.А. Құрманәлиев. “Арыс”, 2007.
4. Абай. Энциклопедия. А., “Атамұра” , 1995.
5. Шәкәрім. “Қазақ айнасы” , А., “Атамұра” , 2003.
6. Бес ғасыр жырлайды. А., “Жазушы” , 1990.

**Назар
салғандарыңызға
рақмет !**